Сыр бойы

№25 (20099)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 ақпан, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

БАСТЫ ӨЛШЕМ – ХАЛЫҚ СЕНІМІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратураның, облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы прокуратуралар басшыларының қатысуымен бейнебайланыс режимінде кеңес өткізді.

Жиын алдында Мемлекет басшысына «Электронды қылмыстық іс», «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай реестрі», «Субъектілер мен объектілерді тексерудің бірыңғай реестрі», «Электронды арыз-шағымдар» және «Аналитикалық орталық» сияқты цифрлық жобалар ұсынылды. Президентке прокурорлардың сотқа дейінгі тергеу амалдары бойынша кейбір органдардың шешімдерімен онлайн-режимде келісу үдерісі таныстырылды. Аталған зияткерлік шешімдер Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларды орындау аясында қабылданды.

Президент халықтың сенімі мен азаматтардың берген бағасы басты өлшем екеніне тоқталып, осы саладағы реформалар қарқынды жүргізіле беретінін айтты. Бақылаушы орган өкілдерінің алдына бірқатар міндет қойды.

Президент азаматтар мен кәсіпкерлердің құқығын мүлтіксіз қорғауды бірінші міндет ретінде атады. Өткен 10 жыл ішінде мемлекеттің бизнесті қолдау жөнінде жүргізген жұмыстарының арқасында кәсіпкерлерді тексеру 3 есеге азайды. Мемлекет басшысының айтуынша, енгізген мораторий өз тиімділігін көрсетті. Нәтижесінде шағын бизнестің субъектілерін тексеру былтырдың өзінде 5 есеге қысқарды. Бірақ заңсыз тексерулер әлі де жалғасуда.

– Соңғы 3 ай ішінде бизнесті қолдау жөніндегі мобильді топқа осындай деректер бойынша кәсіпкерлерден 500-ден аса шағым түскен. Бақылаушы органдардың болмашы себептің соңын нағыз репрессияға айналдырып жіберетін жағдайлары жиі кездеседі. Құжаттар тартып алынады. Ал оны кәсіпкерлер айлап қайтарып ала алмай жүреді. Жұмыс істеудің орнына бүкіл қызметкер тергеуде болады. Мұндай келеңсіздіктерге жол беруге болмайды. Прокурорлар кәсіпкерлер мен барлық құқық қорғау органдарының арасындағы қатынастарда заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі криминогендік ахуалға назар аударды. Мемлекет басшысы карантиндік шектеулер кезінде қылмыстық іс-әрекеттердің едәуір азайғанына қарамастан, шектеулер жеңілдетілгеннен кейін, керісінше, күш-жігерді жұмылдыра түсу қажет екенін айтты.

– Пандемияның экономика мен әлеуметтік салаға тигізген кері әсері қылмыс пен құқық бұзушылыққа жол ашуы мүмкін. Құқық қорғау органдары осыған дайын болуға тиіс. Еліміздегі күрделі ахуалды пайдаланып қалуға тырысатын қылмыстық топтардың кез келген іс-әрекеттерін бесігінде тұншықтыру керек, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Нағашыбайұлы Сариевтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдады.

«Шөмішбай Нағашыбайұлы қазақ поэзиясының көшін алға бастаған қаламгердің бірі болды. Өрелі өлеңдері мен поэмалары оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды. Ұзақ жылғы шығармашылық жолда жемісті еңбек етіп, халқымыздың рухани байлығын дамытуға мол үлес қосты. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын», – делінген жеделхатта.

***

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариевтің өмірден өтуіне байланысты ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтты.

«Шөмішбай Нағашыбайұлы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты ретінде ұлттық әдебиетіміз бен руханиятымыздың дамуына сүбелі үлесін қосып, артына мол мұра қалдырды. Ол қалың оқырманға лирикалық жырларымен қатар көптеген ән мәтіндері арқылы кеңінен танылған талант иесі болатын.

Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген қарымды қаламгер, дарынды тұлға, абзал азаматтың ғибратты ғұмыры мен жарқын бейнесі жұртшылық жадында әрдайым сақталады деп сенемін», – делінген жеделхатта.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет

Кеше Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толуына орай облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті. Шараға «Ерлік» үйлестіру кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайраддин Баймаханов, «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлібек Жаров, «Ауғанстандағы соғыстың мүгедектері мен ардагерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ислам Датаев қатысты.

Айта кетейік, Қызылорда облысынан Ауған соғысына 827 адам қатысып, олардың 18-і қаза тапты. 30 адам жарақат алып, мүгедектер қатарында.

Аймақ басшысы ерлік пен елдік сынға түскен сәтте Отан алдындағы әскери антына адалдық танытқан азаматтардың ішінде Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлердің орны ерекше екенін айтып, құрметін жеткізді.

– Еліміз Тәуелсіздік алғанға дейін бірқатар қиындықтарды бастан кешірді. Ауған соғысы да – қаралы даталардың бірі. Сондықтан соғыс кезінде шейіт болған бауырларымыздың бәрін қаһарман деп айтуымызға негіз бар.

Жылма-жыл ақпан айының ортасында біз Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста 18-19 жасар өрімдей жас жігіттер жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Олар мәңгілік біздің жүрегімізде. Өткеніміз ұмытылмайды. Сіздердің тәжірибелеріңіз, ақыл-кеңестеріңіз қазіргі жастар үшін аса қымбат, – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында аймақ басшысы ел намысын қорғап, өзінің конституциялық борышын өтеген жауынгер-интернационалистердің ерлігін ұлықтап, жастардың бойына патриоттық сезімнің қалыптасуына қосқан үлестері үшін бірқатар азаматтарды Алғыс хатпен марапаттады.

Кездесуде Қайраддин Баймаханов, Әлібек Жаров сөз алып, Ауған соғысының тарих қатпарында ерекше оқиға ретінде сақталатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ, кездесуге шақырып, құрмет білдірген облыс әкіміне алғыстарын жеткізді.

Кездесу соңында облыс әкімі ерлігімен елге қызмет еткен ардагерлердің отбасына амандық, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тіледі.

Кеше сондай-ақ облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылының ардагерлерімен кездесті.

Ақылдастық алға оздырады

– Жыл басында сіздермен кездесіп, елдегі ахуал жайлы пікірлесіп, жүздесуді жөн көрдім. Біз қашанда қарттарымызды ұлықтап, құрметімізді танытып келеміз. Облыста, аудандарда, ауылдық округтерде «Ардагерлер кеңесі» жұмысы жолға қойылған. Зейнетке шыққаныздар да, қоғамдық жұмысқа белсенді араласып, жастарға үлгі болып келесіздер. Алдағы уақытта аймақтағы маңызды шараларды өздеріңізбен бірге ақылдаса отырып жүзеге асыратын боламыз, – деді облыс әкімі.

Жиында «Байқоңыр» кешенінің жұмысы мен Байқоңыр қаласы, Төретам кенті және Ақай ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуы, денсаулық, тұрғын үй-коммуналдық, шаруашылық жол және өзге де әлеуметтік мәселелер сөз болды.

Отыз жылда алғаш рет «Байқоңыр» қаласының Бас жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен 50 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылысы салынып, қала тұрғындарына берілді. Биыл тағы бес көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы басталады деп жоспарлануда.

Қалада барлық көппәтерлі тұрғын үйлер мен кейбір шағын және орта бизнес нысандары газдандырылып, табиғи газды төлеу тарифі Қызылорда облысы бойынша бірыңғай тарифпен теңестірілді. Бұған қоса, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, Ақай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және Төретам кентінде сумен қамтамасыз ету жүйесінің құрылыстары жүргізіледі.

Ал, 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай елді мекендерінде электр желілерін реконструкциялау, көшелерді жөндеу және жарықтандыру, білім беру мекемелерін ағымдағы жөндеу жобалары жүзеге асырылды.

Кездесуде Байқоңыр қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Табынбай Алмақанов пен Ақай ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсылық Қыпшақбайұлы көтерілген мәселелерге қатысты пікір білдіріп, облыс әкіміне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын жеткізді.

Айта кетейік, Қызылорда қаласына келген 12 ардагер «Рухани жаңғыру» және облыстық жастар ресурстық орталықтарына барып, жұмысымен таныстысы. Сондай-ақ, облыстық өлкетану мұражайының жұмысын көрді.

Бүгінде облыс бойынша 75 мыңнан аса зейнеткер болса, оның 5 мыңнан астамы Байқоңыр қаласы, Төретам кенті мен Ақай ауылында тұрады.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Былтыр жыл аяғында елде зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғындар игілігіне беру туралы бастама көтеріліп, оның шекті сомасы, бірқатар ережелері бекітілгенін білеміз. Бұл қазақстандықтар үшін күтпеген жаңалық болғаны рас.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Зейнетақы салымы: емделудің ережесі неге көрінбейді?

Алғашында зейнетақы жинағының бір бөлігі азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделу және қаржы компанияларына басқаруға беру үшін пайдаланылатыны айтылған еді. Жыл басында оған экстракорпоралдық ұрықтандыру (ЭКО) әдісі арқылы сәбилі болу қосылды. Зейнетақы қорындағы қаражатты игеру үшін республика бойынша оператор ретінде «Халық банкі» және «Отбасы банкі» бекітілді. «Отбасы банкі» тарапынан арнайы платформа іске қосылып, жұмыс жүргізілуде. Осы айдың басында арнайы брифинг берген «Отбасы банкі» облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаев ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің талабына сәйкес салымшылар жинақ қаражаттарын тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін 7 мақсатқа пайдалана алатынын айтты. Бүгінге дейін банктен 107774 арнайы шот ашылып, бірыңғай зейнетақы төлемдерін алуға платформа арқылы 83436 қазақстандық өтінім қалдырғанын, оның ішінде 49257 азамат өз қаражатын пайдалануға мақұлдама алғанын жеткізді. Осы орайда зейнетақы жинағының бір бөлігін емделу мақсатында алушыларға қандай ереже бекітілді? Облыс көлемінде бұл мақсатта қанша адам қаржысын алуға ниетті? Әсіресе, қандай емдерге сұраныс көп? Жауап іздеп көрген едік.

2-бет

КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА – 32 ЖЫЛ

«Біз борышымызды өтедік»

Есіктен ене бере көргеніміз 15 сарбаз. Сымдай тартылып, сірескен күйі қарсы алды. Қарсы алдында 60 жастан асты деуге қимайтын командир. Алдын ала қоңырау соғып, рұқсат алғанмен, әскери сабақты бұзғымыз келмеген. Амал жоқ, кіріп қойған соң, фототілші екеуміз бір бұрышқа үн-түнсіз тұра қалдық. Сарбаздар сабағы жалғаса берді.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Сөйлеп тұрған командир – Қайраддин Баймаханов. Бұл кісіні танымау әбестік болар. Ауған соғысының ардагері. Талай жылдан бері аймақтағы «Ерлік» үйлестіру кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, біз әдейілеп келген әскери-техникалық мектеп басшысының әскери патриоттық жұмыстар жөніндегі орынбасары. Айтпақшы,

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

бұл – Қорғаныс министрлігіне қарасты мектеп. Дұрысы, республикалық «Әскери-техникалық мектебі» мемлекеттік мекемесінің Қызылордадағы филиалы.

– Әлгінде ғана қарсыласқа күректі лақтырдың, – деді Қайрекең жас сарбазға адам сұлбасы бар арнайы ағашты нұсқап. – Бірақ, әлі де жетілдіру керек. Әскери пышақ не күрек болсын, оның тілін тауып қолданбаса болмайды. Қаруды түсінбесең, өзіңді жаралайды. Барынша, қол мен қаруды үйлестіре білсек, онда қарсыласқа төтеп беруіміз оңай. Бұл барлықтарыңа да қатысты. Ұқтыңдар ма?!

4-бет

БАСТЫ ӨЛШЕМ – ХАЛЫҚ СЕНІМІ

Президент Қылмыстық кодексті оңтайландыру жөнінде берген тапсырмасын еске салды. Бас прокуратура бұл жұмысты құқық қорғау органдарымен, арнайы мемлекеттік органдармен және Әділет министрлігімен үйлестіре отырып, атқаруы тиіс. Мемлекет басшысының пікірінше, аталған мәселеде қоғам пікірін, қоғам белсенділері мен сарапшылардың ұсыныстарын міндетті түрде ескеру қажет.

Президент үшінші міндет ретінде құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіруді атап өтті. Бұл ретте құқық қорғау жүйесі аясында ғана емес, сонымен қатар, басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың барлық әлеуетін тиімді пайдалану қажет екеніне назар аударды.

– Мысал ретінде, көптеген азаматтарымыз қаржы пирамидаларының құрбаны болуда. Тек бір ғана қылмыстық іс бойынша 17 мыңнан астам жәбірленуші бар. Мұндай қылмыстық істерді жүзеге асыру үшін алаяқтар бірыңғай транзакциялар бірнеше рет өткізіп барып, жоқ болады. Күмән тудыратын осындай белсенділікті уақытылы анықтаған жағдайда көптеген адамдарды шалыс басудан сақтап, алаяқтарды жазалауға болар еді. Қайта құрылған Қаржылық мониторинг агенттігі де бұл істен қалыс қалмауы керек. Бұл жерде қаржы мониторингінің ақпараттық ресурстарын пайдалануға болады. Сондықтан осы саладағы қылмыстың алдын алу үшін олармен толыққанды ынтымақтастық орнатқан жөн. Жалпы, прокуратура мұндай мәселелерде барынша белсенді, бастамашы болуы тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы құқық қорғау құрылымдарының іс-қимылдарын үйлестіруді жолға қоюды тапсырды. Бақылаушы органдардың қызметкерлеріне «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың маңыздылығы туралы айтты. Онда азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеуге үлкен мән берілгенін ескертті.

– Прокуратура органдарына жыл сайын тұрғындардан өте көп арыз-шағым келіп түседі. Соңғы үш жылдың ішінде 650 мыңға жуық шағым берілген. Әрбір арыздың артында адам тағдыры, ондаған, тіпті жүздеген адамның мүддесі тұр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың шағымдарына нақты әрі түсінікті жауап беру қажет екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы прокуратура қызметінің маңызды бағытының бірі ретінде ықтимал әлеуметтік наразылық ошақтарымен тиімді жұмыс жүргізу екенін айтты.

Президент бақылаушы орган түрлі әлеуметтік қақтығыстардың деструктивті әлеуетін төмендету үшін алдын алу шараларын қабылдауы керек, сондай-ақ, уақытылы төленбейтін жалақыларды, заңсыз қысқартуларды және еңбек қатынастарындағы басқа да жағымсыз әрекеттерді дер кезінде анықтап, жолын кесуі керек деп санайды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, прокуратураның бұл бағыттағы жұмыстарының нәтижелері жаман емес.

– Өткен жылдың өзінде ғана сіздердің нәтижелі жұмыстарыңыздың арқасында 29 мың қызметкердің жалақыдан қарыз болған 2,7 миллиард теңге қаржысы төленді. Бұл жұмысты жалғастыру керек. Әсіресе, кейбір кәсіпорындарда шиеленістің өршуі байқалады. Мұндай мәселелерде аймақтағы прокурорлар нақты позиция ұстанып, белсенді әрекеттерге баруы тиіс. Әр іс бойынша оңтайлы шешім шығарып, заң үстемдігіне қол жеткізу қажет. Менің тапсырмам бойынша қазір әкімдер осы мәселемен айналысып жатыр. Бұл жұмысқа прокуратура да араласуы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде карантин шараларын қамтамасыз ету және мемлекет мүдделерін қорғау кезінде заңдылықты сақтаудың маңыздылығына да мән берді. Мемлекет басшысы полиция мен санитарлық қызмет тарапынан олқылықтар жіберілетін болса, ондай жағдайда прокуратураға бірден қажетті шаралар қабылдауды тапсырды. Одан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы саласындағы түрлі алаяқтық әрекеттердің алдын алу қажеттігін атап өтті.

– Қазіргі кезеңде біз экономикадағы жағымсыз үдерістерді жоюға күш салып жатырмыз. Осыған байланысты кейде Ұлттық қордың қаржысын жұмсауға тура келеді. Сондықтан бұл қаражаттың заңды және орынды игерілуі айрықша маңызды. Әсіресе, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар мен дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген қаржыға ерекше назар аудару керек. Сондай-ақ жалақы, зейнетақы және жәрдемақы төлеу мәселелерін әрдайым бақылауда ұстау қажет. Бюджеттен бөлінген әр теңге мақсатқа сай жұмсалып, қоғамға пайда әкелуге тиіс, – деді Президент.

Прокуратура қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру – басым бағыттардың бірі. Мемлекет басшысының пікірінше, прокурорларға қойылатын талаптар әрдайым жоғары болуы тиіс. Бұдан былай жұмысқа алу кезінде алғашқы дайындықтан өту қажет және оны қамтамасыз етуде Құқық қорғау органдарының академиясы ерекше рөл атқаруы керек.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау қызметін технологиялық тұрғыдан жаңарту қажеттігі, оның ішінде, құқық бұзушылықты уақытылы анықтау және оның алдын алу үшін жасанды интеллектіні пайдалану туралы айтты. Президент Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің мүмкіндіктерін атап өтіп, оның әлеуетін одан әрі дамытуды тапсырды.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, заңдылық пен құқықтық тәртіп ел болашағының мықты іргетасы екенін атап өтті.

Жиында Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетов сөз сөйлеп, Президент тапсырмаларының орындалуы, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің ахуалы, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

1-бет

БАНК САЛЫМЫ – АҚШАНЫ САҚТАУ МЕН КӨБЕЙТУДІҢ ДАРА ЖОЛЫ

KDIF ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Өмірде өзіңе өзің сенімді болып жүргенге не жетсін! Бірақ адам тағдыры тосын сыйлар мен сынақтарға толы ғой. Әсіресе, болжауы қиын болашақ, адам көңіліне әрі үміт, әрі күдік ұялататыны белгілі. Дегенмен, қай заманда болмасын, адамдар болашаққа сеніммен қарауға тырысады. Ал бүгінде көңілге сенім ұялатар құралдардың бірі – ақша екені даусыз.

Ақша – кез келген тауар мен қызметтің құнын білдіретін, айырбас құралы қызметін атқаратын, жалпыға бірдей балама тауар.

«Ақша санағанды жақсы көреді», – деген сөз бар. Шынында да ақша адамды өмірге есеппен қарауға бейімдейді. Ақшаны үнемдеп, есеппен жұмсай білетін адам оны жинай да біледі.

Мамандардың айтуынша, әрбір адам айлық табысының 10-20 пайызын болашаққа деп жинап отыруы тиіс. Бұл ретте ақша жинаудың ең қарапайым және қолжетімді әдісі – банк салымы.

Әрине, қолда бар ақшаны инвестициялаудың басқа да жолдары жетіп-артылады. Мысалы, биржа арқылы акция, облигация сатып алуға болады. Бұл қаржы құралдарының табыстылығы едәуір жоғары болуы мүмкін. Бірақ тәуекелі де жоғары болатындығы сөзсіз. Сондықтан форвард, фьючерс, своп секілді қаржы құралдарын айтпағанның өзінде, акция мен облигацияларды сатып алу үлкен біліктілікті, қаржылық сауаттылықты талап етеді.

Ақшаны әртүрлі валюта сатып алу арқылы жинауға да болады. Бірақ мұны жақсы табыс көзі деп айту қиын. Өйткені валюта бағамы әр кез құбылып отырады. Сондықтан «жеткілікті білім болмаса, тәуекелге барып, күрделі қаржы құралдарына ақша жұмсауға болмайды», – дейді мамандар.

Ақшаны үйде сақтап, жинауға да болады. Бірақ барынша қолжетімді болғанымен, мұндай әрекеттен пайда көре алмайсыз. Үйдегі ақша инфляцияның себебінен біртіндеп құнсыздана береді. Сол үшін қарапайым азаматтар үшін ақша жинаудың ең тиімді жолы – банк салымы болып қала бермек. Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру қоры жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу лицензиясын алған кез келген банктегі депозиттерге кепілдік береді. Тек ислам банкі жүйесіндегі салымдарға Қор кепілдігі қолданылмайды.

Бүгінде отандық банктерде ұлттық және шетелдік валютадағы салымдар «Мерзімсіз», «Мерзімді» және «Жинақ салымдар» болып үш топқа бөлінген. Үшеуінің де толықтырылатын және толықтырылмайтын, яғни үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар. Бұл ретте теңгелік салымдардың пайыздық мөлшерлемелері шетелдік валютада ашылған салымдармен салыстырғанда едәуір жоғары екендігін айта кеткен жөн.

Қолда бар ақшаның көлеміне және оны алдағы уақытта жұмсау мақсатына қарай белгілі бір салымды таңдауға болады. Егер ақша қомақты болса, сақталуына кепілдік берілген шекті сомадан асырмай, үш салымға бөліп салуға, тіпті әртүрлі банктерге орналастыруға мүмкіндік бар. Өйткені кепілдік әрбір банк бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады.

Депозиттен керек кезінде мерзімінен бұрын ақша алып тұру үшін толықтыруға және мерзімінен бұрын ақша алуға шектеу қоймайтын мерзімсіз салымды таңдаған дұрыс. Оны кез келген уақытта толықтыруға және одан азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға болады. Бұл салым қомақты табыспен қамтамасыз етпесе де ақшаңызды инфляциядан қорғайды. Ал сыйақы мөлшерлемесі салымның мерзімі аяқталғанша сақталады.

Мерзімді салым – пайыздық сыйақысы жоғары, үстінен ақша салуға және мерзімінен бұрын ақша алуға мүмкіндік беретін, әртүрлі мерзімдерге ашылатын өте икемді теңгелік салым. Тек мерзімінен бұрын жартылай немесе толығымен алу барысында сыйақысы төмендетіледі. Бірақ шот жабылмайды.

Жинақ салым – сыйақы мөлшерлемесі ең жоғары, қысқа және ұзақ мерзімдерге ашылатын, мерзімінен бұрын алуға болмайтын теңгелік салым. Егер салымшы жинақ салымын белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, ақшасы толығымен қайтарылады, ал салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді. Бұл үшін банкке алдын ала өтініш беру қажет. Әрі қарай банк жинақ салымын салымшының талабы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік 30 күннен кейін беруге міндетті. Сондықтан бұл салым ақшасын банкке белгілі бір мерзімге салуды жоспарлаған және оны уақытысынан бұрын алмайтындығына сенімді салымшылар үшін өте қолайлы. Жинақ салымды нағыз тиімді инвестиция деуге болады. Өйткені ең жоғары сыйақы осы салымда.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры тарапынан кепілдік берілген өтем сомасы салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Яғни, бұл шекті сома: шетел валютасындағы барлық депозиттер бойынша – 5 миллион теңгеден; теңгедегі мерзімсіз және мерзімді салымдар, талап етекенге дейінгі салымдар, шартты салымдар, төлем карточкалары мен ағымдағы банктің шоттардағы ақшалар бойынша – 10 миллион теңгеден; теңгедегі жинақ салымдар бойынша – 15 миллион теңгеден аспайды. Бұл жерде бір айта кететін жайт, шетел валютасында ашылған салымдар бойынша өтемді Қор банк лицензиясынан айырылған күнгі валюта бағамы бойынша теңгемен есептеп төлейді. Сондай-ақ салымшының бір банкте салымдардың түрі мен қандай валютада ашылғандығына қарай әртүрлі депозиттері бар болса, олар бойынша Қор кепілдік беретін ең жоғары жиынтық сома – 15 миллион теңге.

Бүгінде елімізде банк салымдары тұрғындар арасында жылдан жылға танымал болып келеді. Оған мына статистикалық мәлімет дәлел бола алады: 2020 жылдың басында жеке тұлғалардың отандық банктердегі депозиттерінің жалпы көлемі 9,3 трлн теңге болса, 2021 жылдың басына қарай 10,9 трлн теңге болды. Бір жыл ішіндегі өсім 1,6 трлн теңгені немесе 17 пайызды құрады.

БРИФИНГ

Денсаулық сақтау ұйымдары жұмыскерлерінің жалақысына үстемеақы мөлшері «COVID-19» вирусын жұқтырудың тәуекел топтары бойынша айқындалады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов баяндады.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ҮСТЕМЕАҚЫ ТӨЛЕУДЕ ІРКІЛІС ЖОҚ

– Бірінші тәуекел тобының (өте жоғары) үстемеақы мөлшері бір жұмыскерге республикалық бюджет туралы заңда биылға белгіленген айлық жалақының жиырма еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайды, яғни, 850 мың теңге. Екінші тәуекел тобына (жоғары) белгіленген үстемеақы мөлшері айлық жалақының он еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайды. Ол – 425 мың теңге. Ал үшінші тәуекел тобы (орташа) үшін айлық жалақының бес еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайды, яғни, 212,5 мың теңге. Бірінші тәуекел тобына «COVID-19» коронавирусы бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін анықталған реанимация бөлімшелері мен басқа да стационарларды қоса алғанда, инфекциялық стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері жатады. Екіншіге провизорлық стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері, жедел медициналық жәрдем, оның ішінде амбулаториялық-емханалық ұйымдар жанындағы дәрігерлер мен фельдшерлер, сондай-ақ олар тартылған жағдайда санитарлық авиацияның дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлері қарайды. Соңғы топқа карантиндік стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медицина қызметкерлері, жедел медициналық көмек бригадаларының жүргізушілері, сондай-ақ эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге тікелей қатысатын зертханалар, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары, жіті респираторлық-вирустық инфекциялары, пневмониясы бар пациенттерді қабылдауға және эпидемияға қарсы іс-шараларға байланысты биологиялық материалды алуға айқындалған шұғыл стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің және алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарының қызметкерлері, блок-бекеттерде карантиндік режимді қамтамасыз ететін денсаулық сақтау қызметкерлері жатады, – деді басқарма басшысы.

Осы орайда былтыр наурыз-желтоқсан айларында барлығы 16035 медицина қызметкеріне 3 млрд теңге үстемеақы төленген. Оның ішінде наурыз айында 481 қызметкерге 63,3 млн теңге төленсе, сәуірде 1924 қызметкерге 319,5 млн теңге, індет ең көп тіркелген шілде айында 3458 қызметкерге 947,6 млн теңге төленген.

– Қазіргі кезде облыс бойынша эпидемиялық жағдайдың тұрақталуына байланысты қаңтар айында 26 медициналық ұйымның 1060 қызметкеріне 152,7 млн теңге төленді. Оның ішінде эпидемиямен күреске сүзгі бөлімшелері мен мобильді топ қызметкерлері тартылды. Нақтылап айтсақ, қаңтар айында 54 мобильді топ қызметкеріне 519,4 мың теңге төленді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді ол.

Зейнетақы салымы: емделудің ережесі неге көрінбейді?

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында біржолғы зейнетақы төлемдерін қосымша медициналық қызметтерге пайдалану ережесінің жобасы дайын болғаны туралы 28 желтоқсанда өткен арнайы брифингте министрліктің медициналық көмекті ұйымдастыру директорының орынбасары Гүлнар Сәрсенбаеваның хабарламасы жарияланған екен. Онда «Ережеде біржолғы зейнетақы төлемдерін емделуге пайдалану тәртібі және медициналық қызмет түрлерінің тізімі анықталды. Қазақстандықтар бекітілген тізім бойынша орфандық ауруларға қымбат ем қабылдайды, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сондай-ақ, емдеу тактикасын айқындау үшін диагностикалық зерттеулер, медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтерді, операциядан кейінгі тыртықтар мен туа біткен ақауларды, радионуклидтік және радиойодтерапияны талап ететін ауруларды түзету мақсатында реконструкциялау және қалпына келтіру (пластикалық) операцияларын жасата алады, радиохирургиялық емдеу (гамма-пышақ, кибер-пышақ), протондық терапия, отандық медициналық ұйымдарда, оның ішінде ел аумағында орналасқан санаторий-курортта медициналық оңалту, офтальмологиялық қызметтер (көру қабілетін лазермен түзету, мультифокальді линзаларды пайдалана отырып, катарактаны емдеу) көрсетіледі.

Шотыңызда емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемі жеткілікті болған жағдайда, емделу үшін тіркелген жеріндегі медициналық ұйымнан дәрігерлік комиссияның қорытындысын аласыз. Пациент өзі шетелдік немесе отандық медициналық ұйымды таңдайды және емдеу туралы шарт жасасады. Әрі қарай ЭЦҚ көмегімен уәкілетті оператордың интернет-ресурсында авторизацияланады және өзінің жеке кабинетін ашады. Жеке кабинетте сомасын, пайдалану мақсатын көрсете отырып, зейнетақы төлеміне арналған электрондық өтінішті толтырады, дәрігерлік комиссия қорытындысының сканерленген көшірмелерін, медициналық ұйыммен емдеу туралы шартты тіркейді және өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады. Уәкілетті оператор алушы ұсынған біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсаты бойынша құжаттарды тексергеннен кейін және сәйкес келген жағдайда оларды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде азамат таңдаған медициналық ұйымға қаражатты аударады» – делінген.

Министрлік парақшасындағы осы мәліметті оқығаннан кейін өңірдегі ахуалды білмекке тиісті орындарға хабарластық. Алдымен «БЗЖҚ» АҚ Қызылорда облысы филиалы директорының орынбасары Алмас Сәрсембаевпен сөйлестім. Алмас Әбдіқалықұлы емделу жайында тұрғындардан ауызша сұрақтардың болып жатқанын жасырмады.

– Зейнетақы жинағының бір бөлігін емделуге пайдалануға болады. Осыған байланысты тұрғындардан ауызша сұрақтар болып жатыр. Бірақ, өкінішке орай, бізде оған қатысты нақты ереже, қандай да бір ақпарат жоқ. Ережені ҚР Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеуі тиіс. Бұл туралы бір білсе «Отбасы банкі» білуі керек. Жұмыс енді жүріп жатыр, алдағы уақытта нақты ақпарат келетін шығар,– деді ол.

Осыдан кейін «Отбасы банкі» облыстық филиалы өкіліне хабарласып, емделуге қатысты сұрау салдым. Оның да жауабы мардымсыз шықты. «Бізде емделуге қатысты нақты ақпарат жоқ. Ол туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасынан сұраңыз. Емделуге қатысты ереже ең алдымен соларға келуі тиіс. Егер алдағы уақытта біздің қолымызға қандай да бір ақпарат келіп тисе, сіздерге айтатын боламыз» деді ол. Филиал өкілінің бұл жауабына қанағаттанбаған мен директорына қоңыраулаттым.

– Біздің банк баспанаға қатысты нақты ережені жасап, бекітті. Бүгінде ол бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Ал емделуге қатысты ештеңе айта алмаймын. Ол туралы қолымызда бекітілген ереже, құжат жоқ. Оны денсаулық сақтау басқармасынан сұрау керек, – деп қысқа қайырды Әділжан Сәулебаев мырза.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісіне ұқсап кетті ме, қалай өзі? Хош.

Сонан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына сұрау салдым. Сәбит Пазылов мырзадан да мардымды жауап болмады. Тіпті, «бұл тақырыпты жақсы қозғап отырсыз. Мен зейнетақы жинағының бір бөлігін емделуге жұмсау туралы нақты білмейді екенмін. Министрлік тарапынан бізге ешқандай ақпарат келген жоқ. Сіз айтқан соң зерттеп көруді ойлап отырмын», – деп ағынан жарылды.

Сонда деймін ғой, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жоғарыдағы хабарламасы тиісті орындарға таратылмағаны ма? Әлде басқа да себебі болды ма екен? «Үйі жоқтың – күйі жоқ» дейтін халқымыз баспана мәселесін шешуді көксейтіні рас. Бірақ, бірінші байлық – денсаулықты ысырып тастау қалай болар екен? Әсіресе, бала сүю бақыты бұйырмай жүрген отбасыларда зейнетақы салымын ЭКО жасатуға жұмсауға болатынын естігелі тағат қалмаған шығар. Айта кету керек, бұл ұсынысты «Отбасы банкі» басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова көтерген болатын. Себебі ол отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, сол қоғамдық жұмысы барысында ЭКО-ға мұқтаж бір келіншек өтініш білдірген. «ЭКО жасатуға елімізде квота бар, бірақ жетпейді. Әлгіндей ұсыныс береміз, себебі зейнетақы салымын осы бағытта жұмсау жайлы ережеде жоқ. Бірақ қарастыруға болады» деген болатын ол. Талай ерлі-зайыптының үміт отын жағуға себеп болған осы жаңалыққа бейжай қарамай, жүзеге асыру механизмін жылдамырақ шешсе дұрыс болар еді. Денсаулық сақтау министрлігінің жоғарыдағы хабарламасында байқасаңыздар, ЭКО жайлы айтылмаған. Өйткені ол туралы жыл басында ғана белгілі болғанын айттық. Дегенмен, онан бері де бір жарым айға жуық уақыт өтті. Сонан бері нақты ережесі бекітіліп, көпшілікке таныстырылмағаны көңілді күпті етеді. Ал денсаулық мәселесінде уақытты өткізіп алмаудың қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті.

Мәліметтерге сүйенсек, елімізде әрбір алтыншы отбасы бала болмау себепті ажырасады екен. Бүгінге дейін 24 мың нәресте дүниеге келген. Қазақстанда жыл сайын орташа есеппен 10 мыңдай ЭКО жасалады. Оның қаншасының нәтижелі болғаны туралы нақты статистика жоқ. Дегенмен, бұл тәсіл адам санын өсіретін шара ретінде қарастырылып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында Қазақстан халқының саны Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда аз екенін айтып, Үкіметке «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Оған сәйкес, экстракорпоральді ұрықтандыруға бөлінетін квотаны 7 мыңға дейін, яғни, 7 есе көбейту қарастырылды. Ол биылдан бастап іске асырылмақ. Енді бұл бағдарламаға қосымша зейнетақы салымының бір бөлігін пайдалану да қосылып отыр. Бұл ЭКО жасатуды жеңілдетеді деп сенеді мамандар. Алайда жоғарыда айтып өткеніміздей, тиісті орындар жүзеге асырудың нақты механизмін, ережесін көрсете алмай дал.

Облыс тұрғындары үшін де ЭКО мәселесі өзекті. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының дерегіне сүйенсек, өңірде ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдер саны – 166562. Қазіргі кезде аймақта 6320 отбасы өмірге ұрпақ әкелу бақытына ие бола алмай отыр.

Облыста 2015 жылы – 34, 2016 жылы – 35, 2017-де – 38, 2019 жылы – 36, былтыр 44 квота берілген. Былтырғы 44 квотаның ішінде қазіргі кезде 16 әйел жүкті. Бұл 36,3 процентті құрайды. 21 әйелдің мұздатылған эмбрионы сақталған, ЭКО-ға бару жоспарланып отыр. 910 отбасы денеден тыс ұрықтандыруға тіркелген.

– Биыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша облысқа 281 квота бөлініп отыр. Кезекте тұрған отбасылардың барлығы өңірлік комиссия арқылы қаралып, қолданыстағы бұйрықтарға сәйкес жолданатын болады. Былтыр бар болғаны 44 квота бөлінген еді биылға өзіңіз байқағандай неше есе көп. Бұған қуанып отырмыз. Ал зейнетақы салымы бойынша ЭКО жасатуға ниеттілер, емделушілер туралы нақты ақпарат жоқ әзірге. Менің ойымша, олар жеке клиникалар арқылы келісіп, зейнетақы қорына, банкке өтініш беретін шығар, – деді басқарма басшысы.

Репродуктолог-эмбриолог Салтанат Байқошқарова ЭКО жасауда әйелдер үшін ең бірінші уақыт өткізіп алмаудың маңызды екенін айтады. Өйткені әйелдердің жылдан жылға бала сүю мүмкіндігі азая береді. Квота бөлуге бекітілген ережеде де әйелдердің жасы 18-бен-42 жас деп нақты көрсетілген. Сондықтан бұл мәселеде уақытты оздыра бермеген маңызды.

Зейнетақы салымы арқылы емделуге болатын аурулар ішінде тіс емдету бар. Бұл жөнінде қандай да бір ақпарат білер деген үмітпен облыстық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас стоматологы Қонақбай Мүсілімовтен сұрадық. Ол да бұған қатысты нақты ақпарат білмейтінін ашық айтты.

Қысқасы, зейнетақы салымын медициналық мақсатта жұмсауға байланысты министрлік тарапынан айтылғанымен, нақты істің ізі көрінбейді. Әйтсе де, қаншама адамның үмітін оятып, сенімін ұштаған бастаманың сәтті жүзеге асарына сенгіміз келеді.

1-бет

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 ақпандағы №199 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы №1078 қаулысымен бекітілген «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

3. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Сүлейменовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі Г. Әбдіқалықова

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы « 10 » ақпандағы № 199 қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2018 жылғы «27» наурыздағы № 1078 қаулысымен
бекітілген

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі облыс экономикасының энергетикалық секторын дамыту арқылы энергоресурстағы өсіп келе жатқан экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық қауіпсіздікке ықпал жасау, энергоүнемдеу және энерготиімділікті арттыру, қоғам өмірін жақсарту бағытында коммуналдық шаруашылық және электр қуатымен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, Қызылорда облысының газ-жылу-электроэнергетикалық ресурстары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ауыз сумен қамту салаларындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілетті берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның тұрған жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

29. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «10 » ақпандағы № 199 қаулысына
2-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «13» шілдедегі № 535 қаулысымен
бекітілген

«Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалау функциларын жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

3. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

4. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның тұрған жері: индекс 120000, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Скатков көшесі, 96.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: облыс экономикасының энергетикалық секторын дамыту арқылы энергоресурстағы өсіп келе жатқан экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық қауіпсіздікке ықпал жасау, энергоүнемдеу және энерготиімділікті арттыру, қоғам өмірін жақсарту бағытында коммуналдық шаруашылық және электр қуатымен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады.

16. Міндеттері:

1) Қызылорда облысының газ-жылу-электроэнергетикалық ресурстар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ауыз сумен қамту саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) тұру жағдайы мен ұсынылатын тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласындағы қатынастарды жетілдіру.

17. Функциялары:

1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды тиісті аумақтың даму бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында келісім жасасады, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында ақпараттық қызметті жүзеге асырады;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін жерлеудің және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергия тұтынудың нормативтерін сақтауына мониторингті жүзеге асырады;

5) объектілер мен кешендердің ведомстволық бағыныстағы аумағында салынуы (реконструкциялануы, кеңейтілуі, жаңғыртылу, күрделі жөнделуі) белгіленген объектілерге мониторингті жүзеге асырады;

6) коммуналдық меншіктегі су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу және электр желілерін және басқа да инженерлік инфрақұрылымдар объектілерін салу мен пайдалануды ұйымдастырады;

7) елді мекендер үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

9) бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй сертификаттарын береді;

10) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдіктерінің, қаладағы аудандар әкімдерінің жұмысын үйлестіреді;

11) «Тұрғын үй қатынастары туралы» және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен пайдаланудағы көппәтерлі тұрғын үйлерге мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау (кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін айқындай отырып) жүргізуді, сондай-ақ кондоминиум объектісіне техникалық паспорттарды және көппәтерлі тұрғын үй орналасқан жер учаскесіне, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері жиналысының шешімі негізінде көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерінен тиісті өтініш келіп түскен жағдайда, үй жанындағы жер учаскесіне құжаттарды дайындауды және дайындау жөніндегі шығыстарды өтеуді қамтамасыз етеді;

12) жергілікті бюджет қаражаты болған кезде көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің қаражатты қайтаруын қамтамасыз ету шартымен, көппәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеуді ұйымдастыруды және қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы;

13) жергілікті бюджет қаражаты болған кезде көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің қаражатты қайтаруын қамтамасыз ету шартымен, көппәтерлі тұрғын үйлердегі лифтілерді жөндеу мен ауыстыруды ұйымдастыруды және қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы;

14) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің лифтілерді жөндеу мен ауыстыруға, көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеуге байланысты шығындарды өтеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

15) жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын әзірлейді және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

16) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын бекітуді қамтамасыз етеді;

есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді және олар бекітілгенге дейін бір ай бұрын жария тыңдаулар өткізуді қамтамасыз етеді;

17) өз құзыреті шегінде табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

18) «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы1-тармағының 9), 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітеді және оған өзгерістер енгізеді;

19) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газы айналымына бақылауды жүзеге асырады;

20) облыстың аумағына сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді;

21) сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтінімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссияны құруды қамтамасыз етеді;

22) Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын іске асыруға қатысады;

23) уәкілетті органға облыстың аумағында сұйытылған мұнай газын тұтыну болжамын ұсынады;

24) уәкілетті органға облыстың аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну жөніндегі мәліметтерді ұсынады;

25) тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекітуді қамтамасыз етеді;

26) уәкілетті органға облыстың аумағында сұйытылған мұнай газының көтерме және бөлшек сауда бағалары жөніндегі мәліметтерді есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей ай сайын ұсынуды қамтамасыз етеді;

27) уәкілетті органға облыстың аумағында сұйытылған мұнай газын тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын, жоспарланған кезең басталғанға дейін кемінде үш ай бұрын ұсынуды қамтамасыз етеді;

28) облыстың аумағында алдағы күнтізбелік жылға айлар бөлінісінде мұнай өнімдерін тұтыну болжамын жасайды;

29) облыстың аумағында жылу беру кезеңіне мұнай өнімдерін тұтыну болжамын жасайды;

30) ведомстволық бағынысты аумаққа орналастырылатын, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне берілетін жылу энергиясын өндіруге арналған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу жобаларын келіседі;

31) жеке-дара тұтынушыларға атаулы көмек көрсетуді, жеке-дара тұтынушылардың Қазақстанда өндірілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану қондырғыларын сатып алуға жұмсалатын шығындарының бір бөлігін мемлекеттің өтеуін қамтамасыз етеді;

32) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

33) электр энергиясын беру және онымен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру, беру және онымен жабдықтау саласындағы ұйымдардың қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды уәкілетті мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;

34) қазандықтардың, жылу желілерінің және тұтынушылардың жылу пайдалану қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

35) қазандықтар мен жылу желілерінің (магистральдық, орамішілік) жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексерулер жүргізеді;

36) қазандықтар мен жылу желілерін (магистральдық, орамішілік) жоспарлы жөндеуді келіседі;

37) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамішілік) күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігі паспорттарын беруді қамтамасыз етеді;

38) тұтынушылардың жылу энергиясынан шектелуіне, қазандықтардың энергетикалық жабдығының бүлінуіне әкеп соққан жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексерулердің есебін жүргізеді;

39) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы әкімшілік істер бойынша материалдар қарауды жүзеге асырады;

40) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінеді және соттың істерді қарауы кезінде қатысады;

41) магистральдық құбыр саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

42) магистральдық құбырдағы авариялар мен төтенше жағдайларды және олардың зардаптарын жоюға жәрдемдеседі;

43) сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

44) су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі, оның ішінде жерді гидромелиорациялау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырылуын қамтамасыз етеді;

45) тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

46) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендердегі қолда бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтерді құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындарын субсидиялауды коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады;

47) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді;

48) тиісінше уәкілетті орган немесе облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбелер бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін әзірлейді және облыстық мәслихатқа бекітуге ұсынады;

49) тиісінше уәкілетті орган немесе облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбелер бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

50) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды оқшау жүйелерінің тізбесін, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде бекіту туралы ақпарат береді;

51) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

52) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

53) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласы бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

жеке және заңды тұлғалардың «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

20. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) буйрықтарға қол қояды;

7) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

13) «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Бірінші басшы өз орынбасарының (орынбасарларының) өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі:

1) «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

25. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік тілдегі толық атауы – «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

29. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

30. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

3) «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «10 » ақпандағы № 199 қаулысына
2-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «13» шілдедегі № 535 қаулысымен
бекітілген

«Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалау функциларын жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қызылорда облысының мемлекетт

Шөмішбай Сариев

2020 жылдың 15 ақпанында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариев 75 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Ш.Сариев 1946 жылы 15 сәуірде Арал ауданы, «Шөміш» станцасында дүниеге келген. Қамбаш орта мектебін бітірісімен, Қазалы аудандық «Ленин туы» және Арал аудандық «Толқын» газеттерінде қызмет атқарған. 1971 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. 1970-1974 жылдары «Қазақстан» баспасында редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болған. 1996 жылы «Қазіргі қазақ лирикасының ізденістері» атты тақырыпта ғылым кандидаты дәрежесін иеленді.

«XX ғасырдың жиырмасыншы жылдардағы поэзиясы» атты монография жазған. Г.Гулиа, О.Берггольц, И.Абашидзе, С.Викулов, А.Дементьев, Ф.Алиева, Р.Рождественский, М.Эминеску, т.б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Алғашқы жыр жинағы 1974 жылы «Балдәурен» деген атпен жарық көрген. Фр.Кафка атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Тарлан» сыйлығының иегері.

Ақын сөзін жазған «Қарағым-ай», «Айналдым сенен, атамекен», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел», «Сағындым, сағым жылдар», «Ғашықтар жыры», «Бозжорға» секілді әндер сахна төрінен қалықтап, халық жүрегінен орын алды.

Шөмішбай Сариев өлең өлкесінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік тіл, өзіндік жырымен өзгеше тау тұлға еді. Ақынның мәңгілік ғұмыры енді басталып, өлмес туындыларында жалғасады, жарқын бейнесі жұртының жадында ұзақ сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық ардагерлер және қоғамдық кеңесі

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер Одағының облыстық филиалы ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Шөмішбай Нағашыбайұлы Сариевтің

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Арал ауданының әкімдігі, Арал аудандық мәслихаты, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, Арал аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі, Арал аудандық қоғамдық кеңесі Арал ауданының тумасы, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, бірнеше Халықаралық және Ұлттық сыйлықтардың лауреаты

Шөмішбай Нағашыбайұлы Сариевтің

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА – 32 ЖЫЛ

«Біз борышымызды өтедік»

Сарбаздар бір ауыздан «ұқтық» дескен. Қайраддин аға енді оқу-жаттығуға арналған мылтықпен қашықтықтан көздеу жайлы теориялық түсінік беріп жатты...

– Бұлар 40 күндік сарбаздар. Түсінікті тілмен айтсақ, 24 жастан жоғары, денсаулығы жарамды жігіттер осындай әскери оқу-жаттығудан өтеді, – деп бастады әңгімесін үзілісте Қайраддин Баймаханов.

– Арнайы комиссия шешімі керек шығар бұған, – дедім.

– Әрине, бір емес, екі рет медициналық тексерістен өтіп барып келеді. Сосын барып, осы біздің мектепте дәл әскердегідей тәртіппен қырық күндік әскери борышын өтей бастайды.

Қайраддин ағаның айтуынша, біз көрген жігіттер мылтық атып қоймай, қысқа мерзім ішінде әскери өмірдің қыр-сырын меңгереді. Мектепті «атқыш» мамандығы бойынша аяқтағаннан соң арнайы әскери құжат та алады.

– Жыл басталғалы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып 15 жігітті қабылдадық. Олар 1 айдан астам уақыт жоспарға сай тиісті жауынгерлік даярлықтарын шыңдап, әскери тәртіппен танысады. Теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдануға да үйретеміз. Сапалы оқытуды ұйымдастыру үшін әскери-техникалық мектеп барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұндағы сабақ беретін мұғалімдердің білімі мен біліктілігі және курсанттармен жұмыс істеу тәжірибелері де жоғары, – дейді Қ.Баймаханов.

Әскери мектептің керегі не? Түсінікті тілмен айтсақ, әр мемлекеттің өзіндік ішкі әскерінен бөлек, арнайы резерв де дайындайды. Мұндағы мақсат – оқыстан қандай да бір шиеленіс болса, азаматтардың әскери қимылға дайын болуы. Біз көрген арнайы оқу мекемесі ынталы жастарды әскери өмірге осылай шыңдайды. Бұл тәсіл Кеңес заманынан бері бар.

Заңда көрсетілгендей, резерв санатындағы азаматтар әскери қызмет етуге құқылы. Айта кетсек, мұнда қырық күндік оқу ақысы – 263 мың теңге. Былтыр осы мектепті 7 кезең бойынша 210 адам бітіріп шыққан. Бұл – 210 қатардағы әскер деген сөз.

Бұған қосымша мемлекеттік әскери бөлімдердің тапсырысымен әскери көлікті тізгіндейтін жастар да оқи алады. Үш ай оқу курсынан өткен олар техникалық мамандықпен қоса жүргізуші куәлігін алып шығады. Одан бөлек, әскери тәртіппен арнайы дайындықтан өтетіні бұрыннан белгілі. Осы мектепті бітіріп шыққан жас сарбаз кез келген әскери бөлімде қызмет етеді. Қызығы сол, былайғы өмірде жүргізуші куәлігін 21 жастан асқан соң алатын болсақ, мұнда 18-ге толмаған жігіттерді мемлекет қаржысымен оқытып, куәлігін дайындайды. Әскерге техникалық мамандық алып аттанатын осындай да жастар бар. Тіпті борышын өтеген соң арнайы келісім-шартпен қалуға да мүмкіндік мол.

Қайраддин ағамен сөйлесіп отырып, Ауған жеріндегі отты жылдар жайлы да сұрап қалдық. Ащы темекіні құшырлана сорып, сәл үнсіздіктен соң ардагердің айтқаны еді бұл.

– Ауған соғысы дейсің бе? «Бұл өзі қандай соғыс болды?» деп те сұрайтындар көп менен. Жауабы қиын. Негізі бір елдің ішкі жұмысына араласып, содан туындаған. Біз тек сол кездегі сенім, бір ғана Отан, Совет үкіметі деп борышымызды өтедік. Бәріне куә болдық, қатыстық, талай маңдайы жарқыраған жігіттер қыршынынан қиылды...

Ауған соғысының алғашқы жылында, дәлірек айтсақ, 1979 жылы жас Қайраддин әскерге аттанады. Мекен-жайы Ташкент қаласы деп көрсетілгенмен, Ауған жеріне аттанатынын өзі де, ата-анасы да білмеген. Құпиясы көп Кеңес заманының соғыс саясатындағы бір көрінісі болар бұл да.

– Мен онда әскери жүк көлігін айдадым. Алдыңғы шепте жүрдік. Әскерде сондай арнайы жасақ бөлімі болады. Алдында жүріп, жаудың бар-жоғын анықтап, артында келе жатқан қалың солдатқа, негізгі күшке жол ашасың. Осы бөлімде қызмет еткен жылдарым әлі есте. Өте қауіпті сапар, тау мен тас арасы, әр қуыста бір қатер тұрғандай көрінетін кездер. Мысалы, алдыңнан көпір шықты дейік. Негізгі күш келмей тұрып, біз оны қоршап алып, әскери зерттеу жүргіземіз. Жарылғыш бар ма, жоқ па?! Болмаса, жау тарапынан қандай да бір қастық қылып, сол маңайдан оқ боратуы мүмкін. Өйткені көпір жанынан өткенде барлық әскер жинақтала өтетіні белгілі. Тұтқиылдан шабуыл болдырмау үшін жан-жақтың барлығын терең зерттейтініміз де сол, – дейді ардагер аға.

Ол әскерге аттанғанда Қазақстан Ауған соғысы жайлы хабарсыз болатын. Бұл туралы теледидар не БАҚ беттерінде мүлде айтылмады. Қайраддинге анасы Ташкенттегі көрсетілген мекен-жайға хат жазатын. Хат Ташкенттен соғыс даласына дейін кешігіп келетіні белгілі.

– Анам бір хатында «Ташкент жақын ғой, мен барып қайтсам ба екен?!» деп жазыпты. Әлі есімде. Қайдағы Ташкент?! Мен соғыста жүрмін ғой, апа! Бірақ мұны үйдегілерге де, жақындарыма да білдірмедім. Уайым қылмасын дегенім болу керек. Әрі ол кезгі әскери тәртіптің жөні тым басқа. Құпияны сақтамасаң, жазаға тартыласың, – дейді Қайрекең өткен кезеңді күле еске алып.

Кейін бұл соғыс жайлы айтыла бастады. Халықтан жасыру мүмкін болмай қалғаны рас.

Бүгінде облыста 600-ге жуық Ауған соғысының ардагері бар. Ай сайын Үкімет бекіткен қосымша жеңілдікпен төленетін аз-мұз қаржыға қанағат етеді. Жылына біржолғы қаржылай әлеуметтік көмек қарастырылған. Бұл қасіретті жылдардың бел ортасында жүрген азаматтардың барлық қажетін өтей алмасы белгілі. Сондай-ақ олар салықтан босатылған.

Бастысы, Ауған жерінде болған ағалар жас буынға үлгі боларлық қасиетімен ерекше. Олар құрметке лайық.

1-бет

Еңбек шарттарын есепке алу

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2018 жылы қараша айында электронды еңбек шарттарының тіркелуі мен бірыңғай сақталуын қамтамасыз ететін «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» атты автоматтандырылған ақпараттық жүйені қолданысқа енгізген.

Аталған жүйе жұмыс берушілерге еңбек шарттарын тіркеуге, еңбек шартына қосымша жасауға және оның бұзылуын тіркеуге мүмкіндік береді.

Электронды еңбек шарттарын тіркеу үшін жұмыс беруші ең алдымен электронды еңбек биржасына www.enbek.kz тіркелуі қажет және мекеме жөніндегі мәліметтер электронды-цифрлық қолтаңбамен расталуы керек. «Электрондық еңбек биржасы порталында еңбек шарттарды тіркеу бойынша жұмыс берушілерге арналған нұсқаулық» «enbek.kz» порталындағы «Көмек» бөлімінде орналастырылған.

Бұрын жұмыс берушілерге жұмыскерлермен жасалатын еңбек шарттарының мәліметтерін жүйеге енгізу міндеттелмеген болатын. ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жұмыс берушілердің негізгі міндеттері көзделген 23-бабы 2-тармағы жаңа 27-тармақшамен толықтырылған. Соған сәйкес жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіп бойынша жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1 тармағының 1),2),3),4),5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті. Бұдан былай жұмыс беруші еңбек шартын жасасу, тоқтату және тараптардың реквизиттері, белгілі мамандық, кәсіп, біліктілік немесе қызмет бойынша жұмысы, жұмыс істеу орны, еңбек шартының мерзімі, жұмыстың басталу уақыты, шарт жасасу мерзімі мен реттік нөмірі туралы мәліметтерді жүйеге енгізуі тиіс.

Сонымен қатар, Кодекстің 33-бабы 1-тармағы электронды еңбек шартын жасау жөніндегі екінші бөлікпен толықтырылған. Бұл бөлікте «Еңбек шартын жасасу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жүргізілуі мүмкін» деп көрсетілген.

Кодекстің 23-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес жұмыс беруші Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға міндетті. Кодекстің 14-бабына сәйкес, еңбек заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Сондықтан, облыс аумағында орналасқан барлық субъектілердің жұмыс берушілеріне (мемлекеттік және кәсіпкерлік субъектілердің жұмыс берушілері) жоғарыда аталған Кодекстің талабына сәйкес, қарамағында жұмыс істейтін жұмыскерлерінің еңбек шарттарын жүйеге тіркеу қажеттігін назарларына жеткізе отырып, еңбек заңнамасының талабын сақтауға шақырамыз.

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ветеринариялық қауіпсіздік – бұл жануарларды аурулардан қорғау, халықты жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан сақтау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, яғни, азық-түлік қауіпсіздігін, аумақтың ветеринариялық-санитарлық саламаттылығын қамтамасыз ету.

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2002 жылы 10 шілдеде ҚР «Ветеринария туралы» Заңы қабылданған. Осы Заңның талаптарын орындамаған тұлғаларға ҚР ӘҚБтК-нің 406-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тарту және ҚР Қылмыстық Кодексінің 327-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген.

2020 жылы ҚР «Ветеринария туралы» Заңының талаптарын бұзушыларға 141 әкімшілік іс қозғалып, оның ішінде: 16 ескерту, 5 нұсқама беріліп, 120 тұлғаға 3399000 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Бұл ретте, жануарларды өсірумен, асыраумен, сатумен, союмен, өнімдерін өңдеумен айналысатын тұлғалар ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабымен айқындалған төмендегі міндеттерді білуі және орындауы тиіс.

Жеке және заңды тұлғалар:

- Жануарлар ауруларының алдын алуда және тасымалдауда (ветеринариялық анықтамамен, ветеринариялық сертификатпен тасымалдау) қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ветеринариялық ережелерді сақтауға;
- Жануарлардың ветеринариялық ережелерге сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;
- Аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық ережелерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;
- Жануарларды бірдейлендіруді (сырғалау, таңбалау) қамтамасыз етуге.

Ветеринариялық пункттің не ветеринариялық станцияның ветеринар маманына, ветеринариялық инспекцияға:

- жаңадан сатып алынған жануар, алынған төл, оның сойылғаны мен сатылғаны;
- жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде жануарларды оқшаулап ұстауға;
- Өз жануарларына уақытылы вакцина ектіруге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;
- Союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды сату үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай сатуға жол бермеуге;
- Сойып сатуға арналған жануарларды мал сою пункттерінде не мал сою алаңдарында союды жүзеге асыруға;
- Ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;
- Сырттан әкелген жануарларды карантинге қоюға міндетті!

Осы қарапайым Заң талаптарын орындасақ, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жетіп, малымыз аман, жанымыз сау болатыны айқын.

ҚР АШМ ВБҚК Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 27801 | Тапсырыс №229 | Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА**